

Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы N 144 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 маусымда N 4559 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 тамыздағы № 276 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.08.2020 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына және 14-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 03/128 ұсынымы негізінде, карантин нысаны – жұпсыз жібек көбелегінің (*Lymantria dispar* L. (asian race) анықталған таралу ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жұпсыз жібек көбелегімен (*Lymantria dispar* L. (asian race) зақымданған алқаптар көлемінде Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясына (А. Ш. Жақыпбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Күршім (С. Ж. Чукаев), Катонқарағай (А. А. Нұрғожин), Көкпекті (Р. Н. Сағандықов) аудандарының әкімдері, Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы (Қ. Қ. Төлеубеков) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 14 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3683, 2015 жылғы 18 ақпандағы № 20 (17109) "Дидар", 2015 жылғы 17 ақпандағы № 19 (19618) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. М у с и н г е жү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Д. Ахметов

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

_____ А. Жақыпбаев
2016 жылғы "20" мамыр

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2016 жылғы "19" мамырдағы №144 қаулысына қосымша

Жұпсыз жібек көбелегімен (*Lymantria dispar* L. (asian race) зақымданған алқаптар көлемінде Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантин режимі енгізілетін карантин аймағы

р/с №	Аудандар, ауылдық округтер атаулары	Жер учаскесінің тиесілігі	Зақымданған алқап, гектарда
1	Күршім ауданы		
	Күршім	Күршім ауылы	6
		Шіріқаяқ учаскесі, 119-квартал	94
	Абай	Шіріқаяқ учаскесі, 131-квартал	5
	Құйған	Шіріқаяқ учаскесі, 72,73-квартал	70
	Маралды	Маралды ауылы	4
		Үшбұлақ учаскесі, 249, 296, 269, 273, 274, 275, 282, 277-квартал	110
	Сарыөлең	Сарыөлең ауылы	1
		Шіріқаяқ учаскесі, 124-квартал	110
	Аудан бойынша барлығы		400

2	Катонқарағай ауданы		
	Үлкен Нарын	Суықшат учаскесі, 40-квартал 21-блок, 41-квартал 10, 11-блок, 42-квартал 1 блок	6,9
	Аудан бойынша барлығы		6,9
3	Көкпекті ауданы		
	Палатцы	Синюха учаскесі	5
	Аудан бойынша барлығы		5
	Облыс бойынша барлығы		411,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК